

Қазақстан Республикасының меншігіне Түркіменстанда әкімшілік ғимараттарын сатып алу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы. 2002 жылғы 24 желтоқсан N 1356

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің Қазақстан Республикасының Түркіменстандағы Елшілігін әкімшілік орналастыру үшін Ашгабад қаласы, Гарашсызлык даңғылы, N 11 және N 13 мекен-жайы бойынша орналасқан ғимараттарды (бұдан әрі - Ғимараттар) Қазақстан Республикасының меншігіне сатып алу туралы ұсынысы қабыл алынсын.

2. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігіне 2002 жылға арналған республикалық бюджетте "Қазақстан Республикасының дипломатиялық өкілдіктерін орналастыру үшін шет елдерде жылжымайтын мүлік сатып алу" бағдарламасы бойынша көзделген қаражат есебінен Ғимараттарды сатып алуға Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі ақы төленетін күнге белгілеген бағам бойынша 740000 (жеті жүз қырық мың) АҚШ долларына баламалы сомада қаражат бөлінсін.

3. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен бөлінген қаражаттың мақсатты пайдаланылуын бақылауды жүзеге асырсын.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі